




2
ДЛЯ ЧЕГО НЕОБХОДИМО
ВАКЦИНИРОВАТЬСЯ?



2
СОТ САЛАСЫНА
СОНЫ СЕРПІН

№101
(2014)
24 желтоқсан
2025 жыл,
сәрсенбі

JAMBYLTARAZ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

БӘРЕКЕЛДІ!

«ӘУЛИЕАТА ҮЗДІКТЕРІ» АНЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімі жастар сыйақысын табыс етті

Кеше Жұмысшы мамандықтары жылының жабылу салтанатына орай «Еңбегім – еліме: адал еңбек, айқын мақсат» атты форум өтті. Жиынға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары мен жастар қатысты.

Құрмаш ҚАПТАҒАЙ

Ең әуелі аймақ басшысы сөз алып, ізгі тілегін жеткізді. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялап, оның негізгі мақсаты жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, еңбек адамының мәртебесін көтеру, қоғамда кәсібилік пен еңбекті бағалауды насихаттау, сондай-ақ техникалық білім беруді реформалау екенін атап өтті.

Бұл бастама қоғамда адал еңбекті, кәсіби шеберлікті дәртіптеуге, «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын нығайтуға бағытталған. Осының аясында облысымызда ауқымды жұмыстар атқарылды, – деген Ербол Шырақпайұлы «Ең үздік жұмыс берушілер», жастар арасындағы «Әулиеата үздігі» және «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауларының жеңімпаздары мен «Worldskills» чемпионатының алтын медаль иегерлерін марапаттады.

Солардың қатарында әріптесіміз, «Jambyl-Taraz» газетінің тілшісі Жұматай Көксубай да бар. Ол «Әулиеата үздігі» байқауының «Үздік жас ақын» номинациясына ие болды.

Сонымен қатар облыстық «Ақ жол» газетінің аға тілшісі Есен Өтеулиев – «Үздік жас журналист», Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Бақыт Бекмаханов пен №69 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Балжан Жүнісова – «Үздік жас педагог», Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназияның 9-сынып оқушысы Ердауіт Әбділда – «Үздік жас спортшы», Байзақ аудандық



орталық ауруханасы клиникалық-диагностикалық зертханасының менеджері Назерке Турдалиева – «Үздік жас медицина саласының маманы», А.Токпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының артисі Нұрсұлтан Маханов – «Үздік жас өнер саласының маманы», облыстық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының құқық бұзушылар профилификасын ұйымдастыру бөлімі ювеналдық полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры Алишер Қалышев – «Үздік жас құқық қорғау қызметкері», облыстық цифрландыру және архивтер басқармасының Жамбыл облысының жобалық басқару және цифрландыру орталығы өңірлік геоақпараттық жүйені дамыту

бөлімінің инспекторы Жандос Молдахан – «Үздік жас IT-маман», Байзақ аудандық орталық ауруханасы емхана бөлімінің әлеуметтік қызметкері Арайлым Үйкекбай – «Үздік жас әлеуметтік сала қызметкері», «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, «Sunqar» волонтерлық қозғалысының жетекшісі Еркін Әбдиев пен облыстық Жастар ресурстық орталығының уақытша бос жүрген жастар және отбасылармен жұмыс бөлімінің басшысы Әлихан Нарегеев «Үздік жас волонтер» номинацияларына лайық деп танылды.

Шара соңы К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен түйінделді.

ЖЕМІСТІ ЖОБА



ТАРАЗДА ТӨРТІНШІ «КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» АШЫЛДЫ


Тараз қаласындағы «Шөлдала» алқабында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған 600 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді.

Салтанатты шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, шаһар басшысы Бақытжан Орынбеков, білім саласының ардагерлері, ұстаздар және қала тұрғындары қатысты.

Әуелі Ербол Шырақпайұлы көпшілікті қуанышпен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Бұл жобаның жүзеге асуы арқылы облыста үш ауысымда оқыту мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табады. Бүгін сол игі бастаманың жалғасы ретінде тағы бір еңселі мектеп өз есігін айқара ашып отыр, – деген

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?



89 жасқа қараған шағында КСРО мен Қазақстанның Халық әртісі, Еңбек Ері, театр және кино өнерінің саңлағы Асанәлі Әшімов өмірден озды.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АБЫЗЫ ҒДІ

Асанәлі Әшімұлы 1937 жылы 8 мамырда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. Ол қазақ өнерінің биігін әлемге танытқан, сахна мен экранда ұлттық рухты асқақтата білген бірегей тұлға болды. Актер, режиссер, педагог әрі сценарист ретінде талай дарынның жолын ашып, ұлттық өнердің қалыптасуына ықпал етті.

Шығармашылық жолында Асанәлі Әшімұлы ұзын саны 30-дан астам кино ролін сомдапты. Айталық, оның кинодағы Бекежан («Қыз Жібек»), Шадияров, Мәмбет («Сарқырама»), Қасымханов («Транссібір экспресі»), Кемел («Нан дәмі»), Нұрғазы («Алатаудың ай мүйізі»), Қаражал («Жаушы»), Шыңғыс хан («Бұлғар даласынан ескен жылы жел») тағы басқа көптеген ролі нағыз актерлік шеберліктің үлгісіне айналды. Сондай-ақ өзі сахналаған Н.Гогольдің «Ревизор», Ғ.Мүсіреповтің «Амангелді», И.Оразбаевтің «Мен ішпеген у бар ма?!», С.Ванустың «Сұлтан болсам егер мен», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» қойылымдары мен «Шоқан Уәлиханов» және «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» фильмдері дара тұлғаның режиссерлық шығармашылығының да кең ауқымын көрсетеді.

Асанәлі Әшімұлының театр сахнасында да өшпес ізі мен безат болмысы қалды. Ол сомдаған Қодар («Қозы Көрпеш-Баян сұлу»), Еламан («Қан мен тер»), Айдар («Абай»), Дон Жуан («Дон Жуан»), Виктор («Варшава сазы») секілді көптеген жарқын образдары қазақ өнерінің алтын қорында сақтаулы.

→ 3

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАРҚЫРА, ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ!

Шаһарда бас шыршаның шамдары жағылды

«Көне Тараз» кешенінде «Жайна, жарқыра, жұлдызы жарық Таразым!» атты қаланың бас шыршасын жағу рәсімі өтті.



ҚҰЛЫП ПЕН КІЛТ

ЖАМБЫЛДАҒЫ АВТОДРОМ ҚАШАН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Қазір қоғамдағы үлкен қажеттілік – көлік қатынасы. Бұрындары байлық саналатын автомобиль бүгінде тұрмыстық қажеттілікті өтейтін құрал ғана болып қалды. Оның үстіне соңғы жылдары елімізде көлік саны артып келеді.

Ұлттық статистика бюросының 1 желтоқсандағы мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда бүгінде 5 843 358 көлік тіркеліпті. Еліміздегі автопарктың негізгі үлесін «В» санатындағы 4 898 203 дана көлік құрап отыр. Ең көп көлік Алматы қаласында – 718 062, ең аз Ұлытау облысында – 33 418 көлік. Ал Жамбыл облысында 310 426 көлік тіркелген екен.

Мәселенің мәнісіне келетін болсақ, жоғарыда атап кеткен «В» санатындағы көлік санының үлесі басым болғандықтан, көлік жүргізушілерін негізінен дайындайтындар – автомектептер. Қазір Жамбыл облысында 25 автомектеп жұмыс істеп тұр. Қолына көлік жүргізушісі куәлігін алуға талпыныс білдірген курсанттарды дайындайтын жамбылдық автомектеп иелерінің жанайқайы – жүргізуші куәлігін алу үшін үміткерлерді практикалық емтихан қабылдайтын «Азаматтарға

арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жамбыл облыстық филиалына қарасты Тараз қаласындағы №1 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығындағы автоматтандырылған автодром жұмыс істемей тұрғаны.

Автодром жұмысын тоқтатқанына үшінші айға жуықтап барады. Ал қолына куәлігін алған азаматтар автодром жұмыс істемегендіктен басқа қалаларға барып емтихан тапсыруға мәжбүр. Талап бойынша емтиханның бірінші кезеңі автодромда автомектеп нұсқаушысы курсантпен жүргізіп, екінші қала ішінде көлік басқару кезеңінде де жанынан нұсқаушы табылуға тиіс. Мұндай жағдайда Жамбыл облысы бойынша полиция департаменті басшысының 12.02.2025 жылғы №169 н/і «Жүргізуші куәлігін алуға кандидаттарды практикалық емтиханы бойынша комиссия құру



туралы» бұйрығына өзгеріс енгізілуі керек екен. Жалпы, бұл «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарын жүргізушілерін даярлау, емтиханды қабылдау және жүргізу куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №862 бұйрығымен бекітілген қосымшасы Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру Қағидаларының 43 және 75-1 тармағына сәйкес жүзеге асады. Сондықтан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамы Жамбыл облыстық филиалынан ағымдағы жылдың 19 қыркүйегінде Жамбыл облыстық полиция департаментіне жолдаған хатының негізінде 1 қазанда бұйрық шығып та қойған.

→ 2

ЖАЗЫЛЫМ – 2026

KAZPOST 6 АЙ 12 АЙ

Қала 4 453.50 тг. 8 907.00 тг

Ауыл 6 804.06 тг. 13 608.12 тг

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 АЙ – 3000 тг

12 АЙ – 6000 тг

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:

45-62-65 8 747 545 4566

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

АСЫРАУШЫ САЛА ЖАҢА ТЕХНИКАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шараға қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.



«Дала еңбегі – ел ырысы» тақырыбында ұйымдастырылған жиын Үкімет басшысының құттықтау хатымен ашылып, оны өңір басшысы жиналған қауымға оқып берді.

Облыс әкімі өз сөзінде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып жүрген еңбек адамдарына ризашылығын білдірді.

2025 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға 48,6 млрд тенге бөлініп, 5 мыңнан астам шаруа қожалығы мемлекеттік қолдауға ие болды. Соның нәтижесінде 485,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, салаға 39,6 млрд тенге инвестиция тартылды.

640 мың гектар егістік алқабынан 3,3 млн тонна өнім жиналды. Ауыл еңбеккерлері 858 бірлік жаңа техника сатып алып,

техникалық жаңару деңгейі 6,3 пайызға жетті. Мал шаруашылығы саласында ет өндірісі 2,2 пайызға, сүт көлемі 1,7 пайызға артты. Сондай-ақ 410 мың тонна пияз экспортталып, өңір республика бойынша көшбасшы атанды.

— Ауыл шаруашылығы — халықтың күнделікті тұрмысымен тікелей байланысты маңызды сала. Ел дастарханының мол болуы, ауылдың көркеюі, халықтың табысы Сіздердің маңдай терлеріңізге байланысты. Қай кезде де жердің берекесін арттырып, тынымсыз еңбек етіп келе жатқан Сіздерге алғыс айту — біздің парызымыз, — деді облыс әкімі.

Салтанатты шара барысында сала үздіктеріне «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Құрмет» ордені, III



дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені, «Қазақстанның атарлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» медалі, сондай-ақ Премьер-Министрдің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды.

Мереке аясында мал дәрігерлеріне 50 бірлік «Нива» маркалы қызметтік автокөлік, заманауи ветеринариялық құрал-жабдықтар және сала мамандарына арналған арнайы қыстық киімдер берілді. Айта кетейік, жыл басында да 50 автокөлік табысталған болатын.

— Бүгін біз үшін ерекше қуанышты күн. Бұған дейін мал дәрігерлері тозығы жеткен көліктермен жұмыс істеуге мәжбүр болды. Ал қызметіміз тікелей автокөлікке байланысты.

Бүгін бес жаңа қызметтік көлікке ие болдық, — дейді Талас аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Берік Қаратаев.

Ал Сарысу аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Ақылбек Оспанов соңғы жылдары салаға көрсетіліп отырған қолдауға тоқталды.

— Облыста ветеринария саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс басшылығына алғысымыз шексіз. Бүгінде Сарысу ауданындағы ветеринарлар толық автокөлікпен қамтылды. Бұл қызмет сапасының артуына зор ықпал ететіні анық, — деді ол.

Сонымен қатар орман шаруашылығы қызметкерлеріне 9 «ГАЗель», 4 «Toyota Hilux», 15 «JAC» маркалы кіші өрт сөндіру автокөлігі, 17 мотоцикл және 15 пилотсыз ұшу аппараты тапсырылды.

Жаннұр МУХАНОВА

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

Жамбылдағы автодром қашан іске қосылады?

Онда аталған №169 н/і бұйрығына толықтырулар енгізуге негізінен Жамбыл облысы бойынша халыққа қызмет көрсету мамандандырылған бөлімінде «А», «А1», «В», «В1», «С», «С1», «ВЕ», «СЕ», «С1Е», «ДЕ», «D1Е», «D», «D1» (мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған) санаттарының үміткерлеріне практикалық емтихан қабылдау үшін автодроммен қамтамасыз етілмегені үшін облыс тұрғындарынан шағым келіп түсуіне байланысты практикалық емтихан қабылдау жөнінде комиссия құрылып, оның құрамы да бекітілген. Қосымша автодромның сызбасы мен техникалық құжаттары да көрсетілген. Бірақ бұйрық шыққан күннен бергі аралықта практикалық емтихандардың өтпеу себебі әлі де түсініксіз болып тұр.

«Әулие-Ата Автомектеп» кәсіптік бірлестігінің төрағасы Еркен Молдакаримов халыққа қызмет көрсету орталығына аталған мәселе бойынша хат түсірген. Оның айтуынша, жоғарыдағы бұйрыққа көлік басқару санаттары бойынша өрескел қателіктер де бар көрінеді.

Бүгінде түсініксіз болып тұрғаны — автоматтандырылған автодром болмаған, оның жарамсыз болған және көлік құралының жарамсыздығы, сондай-ақ көлік құралының жарамсыздығы бойынша «С», «D» және «D1» санаттарындағы механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жергілікті әскери басқару органдарының бағыттары бойынша «С1», «D1» санаттарынан емтихан қабылдау курсанттар үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық Ұлының білім беру мерзімді әскери қызметке шақырылған жағдайда Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында жүргізуші құрамының емтиханды емтихан комиссиясы қабылдайтыны ашық көрсетілмеген. Автодром 1 қазаннан жұмыс істейміз.

Сондай-ақ Тараз қаласы аумағында автоматтандырылған автодромның жұмысқа қабілетсіздігіне және практикалық емтихандарды қабылдау тәртібіне қатысты менің өтінішіме жауапта төмендегі жай айтылады. Яғни, филиал мен «Интегра-С» жауапкершілігі шектеулі серіктестік арасында жасалған келісімшартта Тараз қаласы, Төле би көшесі, №198 «А» мекеңжайында орналасқан филиалдың халыққа қызмет көрсету жөніндегі мамандандырылған бөлімі үшін автодром жүйелерін жөндеу және қызмет көрсету ағымыдағы жылдың 11 сәуірінде жасалған. Одан бері қанша уақыт өтті?

Ал автодромға қызмет көрсету бойынша «Интегра-С» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 3 қазанда ұсынған техникалық қорытынды актісінде «Автодром» бағдарламалық-аппараттық кешенінің құрамына кіретін бағдарлам бақылаушысы блогының жабдығына жүргізілген аспаптық және бағдарламалық-аппараттық диагностиканың нәтижелері бойынша ақаулық — модемнің жалпы жұмыс істемеуі анықталғаны айтылады. Сондықтан бұл ақау алдын ала брондау бойынша емтихан тапсыруды жүзеге асыруды көрсететін қызметті алушылардың практикалық емтихандардан өтуіне мүмкіндік туғызбай отыр.

Қазіргі уақытта автодромдағы ақауларды жою мерзімі анықталмағаны алаңдатады. Ал жамбылдықтар теорияны өткенімен, көлікті басқару емтиханынан өту үшін өзге қалаларға баруға мәжбүр. Тіпті, бұл жайында осындағы 25 автомектеп атынан Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрландыру министрлігіне хат та түсірдім. Мұндағы мамандардың жауаптары мардымсыз болып

отыр. Тағы бір ескеретіні, бүгінде еліміздің әр облыс орталығындағы автодромдар жаңғыртылып, жаңартылған. Ал Жамбыл облысында автодром мүлдем жаңғыртылмаған, — дейді Еркен Бейсенбайұлы.

Сондай-ақ осы мәселеге қатысты Жамбыл облысы Жүргізушілер Одағының төрағасы Амантай Досмұханбетұлының да пікірін білген едік.

— Мұндай жағдай бірінші рет болып тұрған жоқ. Өткен жылы да бірнеше рет көтерілді. Халыққа қызмет көрсету орталығы дейміз, өзінің аты да айтып тұр — бірақ өз тарапымынан орталықтың тұрғындарға қызмет көрсетудегі жаңашылдығын көріп отырғаным жоқ. Мұнда мәжбүрлікті көріп тұрмын.

Жарайды, автодромда ақау болып істемей тұр екен, ендіше жоғарыдағы ҚР ІІМ №862 бұйрығымен комиссия құрып, емтихан қабылдау керек емес пе?! Комиссия құрылыпты, бірақ жұмыс істеп тұрған жоқ қой. Мынандай қиын заманда облыс тұрғындары әр облысқа қанғып кетті. Ал олардың шығынын, жол жүру қауіпсіздігін ешкім ескеріп жатқан жоқ.

Қазір көліксіз бір отбасының шаруасы бітпейтінін білесіз. Бүгінгі өзіңде әр шаңырақта кемінде екі-үш көліктеп бар. Бұл да қажеттіліктен туып отырған дүние. Жастар жүргізуші көлігін аламын десе, аға буын өкілдері куәлігіндегі санаттары ауыстырғысы келеді. Мұны жаңа-жаңғы ескеру керек емес пе?! Қоғамдық көлік жүргізушісі болып жұмысқа тұрғысы келетіндер де куәліктерін ала алмай отыр. Автодромда автобус жоқ. Жүк көлігін жүргізушісі келетіндер үшін де жағдай жоқ.

Бүгінде жеке кәсіпкерлікке әр сала бойынша үкіметтен қолдау бар. Алайда автомектеп кәсіпкерлік нысан болғанымен ешқандай көмек те, қолдау да көріп отырған жоқ. Жөнілдіктен несие алу, субсидия біздің салаға қарастырылмаған. Жана ғимарат, жаңа көліктер алғысы келеді, бірақ жоғарыда айтқандай оған еш мүмкіндік болмай тұр. Көптеген сала мамандары кабинетке немесе жұмыс орнында отырып жұмыс атқарса, көлік жүргізуші үнемі жол үстінде жүреді. Ал сол жүргізушілерді дайындайтын мектептерге неге қолдау көрсетпеске?

Біздің сала ҚР Ішкі істер министрлігіне қарайды. Енді сізге қызықты дерек айтайын, министрлік жеке күзет кәсіпкерлік нысандарына қолдау көрсетеді де, бізге келгенде алақан жаттауы түсініксіз.

Жоғарыдағы министрліктің №862 бұйрығының халыққа қиянат жасап отырған тұстары бар. Ашып айтайын, сол бұйрықта көрсетілгендей, жүргізушілер өзін-өзі дайындау деген пункт бар. Осының негізінде сегіз жыл, яғни 2016 жылдан 2024 жылдың сәуіріне дейін елімізде автомектептер жұмыс істеген жоқ. Тұрғындар автомектептерде білім алмай, өзін-өзі дайындады. Содан кейін жүргізуші куәлігін онды-солды алды. Ол қалай алды, қандай жағдайда алды, оған ешкім басын ауыртпады. Өзіңіз есептеп көріңіз, осы мерзімде қаншама азамат жүргізуші куәлігін алды. Ал осы мерзімде, ҚР ІІМ ақпаратына сүйенсек, елімізде тәулігіне жол-көлік оқиғаларында орта есеппен 8-10 адам көз жұмды. Сонда бұл мәселеге кім жауапты?!

Ресей мемлекеті бұл пилоттық жобаны 2012 жылы ашып, бір жылдан соң жауып тастады. Өйткені статистика жаға ұстатады. Осыны көріп, біліп отырған министрлік сонда қайда қарап отырды? Бұл мәселені көтеріп, Парламенттің қабырғасында екі рет, министрлікте үш рет болдым.

Еститін құлақ көрмедім. Бірақ азаматтардың өзін-өзі дайындалуын көлік басқаруа үлкен қатер тудыратынына көз жеткізіп, өткен жылы автомектептердің жұмысын қайта жолға қойдық.

Ресей мемлекеті автоматтандырылған автодромды ашты, бірақ бір жылдан соң жауып тастады. Ал Қазақстанда осындай автоматтандырылған 20-25 автодром бар. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр жылғы Жолдауларында азаматтарымыздың өмір сыйтын жақсарту жайында жиі айтты. Мысалы, Жамбыл облысында он аудан болса, сол ауылдағы қазақтың қара домалақ баласын облыс орталығындағы автоматтандырылған автодромға алып келіп, қинап жатырмыз. Автодром жұмыс істемей қалса немесе емтихан болмай қалса, қайтып кетіп, екі ортаны жол қылып жүрген. Бұл еліміздің барлық өңіріндегі жағдай.

Енді қараңыз, дүние жүзінде автоматтандырылған автодром тек 7-8 мемлекетте ғана бар. Бірақ оларда тек бірінші кезең бойынша. Екінші кезең көшеде көлік басқарушының тәжірибесін қалыптастырады. Шындығын айтқанда, көп жылы жүргізушілік тәжірибесі бар менің өзім осы автоматтандырылған автодромнан өте алмай қалдым. Енді оған не дейсіз? — дейді Амантай Досмұханбетұлы.

Мәселе осындай. Дегенмен, екі тараптың да пікірін білу мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жамбыл облысындағы филиалына қайырылған едік. Осы салаға жауапты мекеме басшысының орынбасары Данияр Медетбеков автоматтандырылған автодромның ақауы қашан бітіп, қашан іске қосылатынын анық айта алмады.

«Автодромға қосалық бөлшек дүкеннен немесе базардан ала салып, орнататын дүние емес. Қазір осы жұмысты қолға алған серіктестік өкілдері басқа қалалардағы автодромдарға сұраныс жіберіп отыр. Ал автомектеп өкілдеріне негіздемелерін түсіндіріп бердік. Иә, Шудағы теориялық мектеп жабылды. Өйткені онда сыбайлас жемқорлық сипаты бар деген қорықар болған. Сондықтан Тараз, Қордай, Меркіді қалдырылды. Енді осы аудандарда күндігіне қанша адам келетінін зерделеу керек», — дейді ол.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамы Жамбыл облысындағы филиалының директоры Батырхан Токтағұл бүгінде Қордай ауданында жаңа автоматтандырылған автодромның құрылысы жүріп жатқанын алға тартып: «Келешекте облыста екі автодром болады. Тараз қаласындағы автоматтандырылған автодромды жаңғырту үшін облыс әкіміне хат та жібергенбіз. Жоспар келесі жылға белгіленген болатын. Алайда бүгінгі күнге жауап алғанымыз жоқ. Ал аудандардағы теориялық емтихан өтетін жерге бейнебақылау қойылған», — деді.

Қалай дегенде де екі тарапты толық тыңдады. Бірақ, мәселе азаматтардың жүргізуші куәлігін алуға сыбайластық бар ма, жоқ па, осында болып отыр. Қанша бақылағанмен тұлғалардың азаматтық жауапкершілігі жоғары болу керек. Көлік басқару — үлкен жауапкершілік. Мұндағы басты жауапкершілік жол үстіндегі қауіпсіздік мәселесі.

Ерман ӘБДИЕВ, журналист

ЗАҢ МЕН ЗАМАН

2025 жылғы 17 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасында әкімшілік юстицияны одан әрі дамытуға бағытталған Заңға қол қойды. Қабылданған өзгерістер қолданбалы сипатқа ие болып, Әкімшілік іс-құрылымдық-процестік кодексті (АППК) қолдану тәжірибесіне негізделген.

СОТ САЛАСЫНА СОНЫ СЕРПІН

Әкімшілік сот өндірісінің аясында жеке категориядағы қоғамдық-құқықтық даулар, соның ішінде заңды актілерді жоспарлау және азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері қаралады. Бұл қоғамдық әкімшіліктің қызметіне сот бақылауын күшейтеді және азаматтардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Заң, сондай-ақ мемлекеттік органдар



А.Д.ЖАСАУЗАКОВ,
Жамбыл облыстық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы

мен ұйымдар арасындағы дауларды сотқа дейінгі тәртіпте — жоғары тұрған орган деңгейінде шешу механизмін бекітеді, әкімшілік рәсімдерді нақтылайды және заң көмегі жүйесін жетілдіреді.

Осы өзгерістердің жиынтығы әкімшілік юстицияны құқықтық мемлекеттің негізгі элементі ретінде нығайтуға бағытталған жүйелі тәсілді көрсетеді.

ЗДОРОВЬЕ

Вакцинация — это простой, безопасный и эффективный способ защиты от болезней до того, как человек вступит в контакт с их возбудителями. Вакцинация задействует естественные защитные механизмы организма для формирования устойчивости к ряду инфекционных заболеваний и делает вашу иммунную систему сильнее.

ДЛЯ ЧЕГО НЕОБХОДИМО ВАКЦИНИРОВАТЬСЯ?



Как и болезни, вакцины тренируют иммунную систему в разработке специфических антител. Однако вакцины содержат только убитые или ослабленные формы возбудителей той или иной болезни — вирусных или бактериальных, — которые не приводят к заболеванию и не создают риска связанных с ним осложнений.

Большинство вакцин применяются в форме инъекций, хотя есть и пероральные вакцины (вводимые через рот), и вакцины в форме назальных аэрозолей (вводимые через нос).

Без вакцинации мы подвергаемся риску серьезных заболеваний, таких как корь, менингит, пневмония, столбняк и полиомиелит. Многие из этих болезней опасны для жизни. По оценкам ВОЗ, только детские вакцины спасают более 4 миллионов жизней каждый год.

Несмотря на то, что некоторые заболевания становятся менее распространенными, их возбудители продолжают циркулировать в некоторых или во всех регионах мира. В современном мире инфекционные заболевания могут легко пересекать границы и заражать любого человека, у которого отсутствует к ним иммунитет.

Вакцинироваться следует из двух главных соображений: вакцинация позволяет защитить и себя, и окружающих. Поскольку некоторым людям — например, новорожденным или больным тяжелыми заболеваниями, либо имеющим определенные виды аллергии, — прививки могут быть противопоказаны, их защита от болезней, предотвратимых с помощью вакцин, зависит от наличия прививок у окружающих.

Вакцины снижают риск заболевания, активируя естественные защитные механизмы для формирования иммунитета к возбудителю болезни. Вакцинация провоцирует иммунный ответ организма. Иммунная система:

- Распознает возбудителя болезни, например вирус или бактерию.

- Начинает производство антител. Антитела — это белки, естественным образом вырабатываемые иммунной системой организма для борьбы с заболеванием.

- Запоминает возбудителя болезни, чтобы бороться с ним в будущем. Если этот возбудитель вновь попадет в организм, иммунная система быстро уничтожит его, не допустив развития болезни.

Таким образом, вакцинация — это безопасный и рациональный способ вызвать в организме иммунный ответ без необходимости заражать его той или иной болезнью.

Наша иммунная система обладает памятью. Получив одну или несколько доз вакцины, мы, как правило, приобретаем защиту от той или иной болезни на много лет, десятилетий или даже на всю жизнь. Именно поэтому вакцины — такое эффективное средство. Вакцины не дают нам заболеть, что гораздо лучше, чем лечить болезнь, когда она уже наступила.

Вакцины защищают нас на протяжении всей жизни и в любом возрасте — сразу после рождения, в детстве, в подростковом возрасте и до самой старости. Важно, чтобы все показанные прививки были сделаны своевременно.

Откладывая вакцинацию, мы подвергаем себя риску серьезно заболеть. Если мы будем дожидаться момента, когда срочно потребуются прививка, — например в случае начала вспышки какой-либо болезни, — то для достижения нужного эффекта вакцинации или получения всех необходимых доз вакцины может быть уже слишком поздно.

Если вы или ваш ребенок пропустили рекомендованную вакцинацию, узнайте у вашего врача, как и когда вы или ваш ребенок можете получить недостающие прививки.

Управление санитарно-эпидемиологического контроля города Тараза



ОПТИМЕД
КӨЗ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ГЛАЗНОЙ ХИРУРГИИ

ОТА ЖАСАУ ТЕГІН КАТАРАКТА, ГЛАУКОМА ОПЕРАЦИИ БЕСПЛАТНО

+7 700 540 5453 +7 776 654 0540

№1501940 Мемл.лицензия ЖО ДСБ 02.11.2015 ж.
Гос.лицензия №15019408 от 02.11.2015 г., УЗ ЖО АЖО

ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ



С глубоким прискорбием сообщаем о кончине ветерана Великой Отечественной войны Нещеретнева Григория Владимировича, который ушел из жизни 22 декабря 2025 года, на 105-м году жизни.

Нещеретнев Григорий Владимирович родился 22 ноября 1921 года в селе Каменка Луговского района Жамбылской области. До начала войны трудился

комбайнером в Луговской машино-тракторной станции.

В 1941 году был призван в ряды Советской армии. Проходил боевой путь в звании старшего сержанта, занимал должности командира отделения и старшины батальона. Принимал участие в освобождении блокадного Ленинграда, города Новгорода, дошел до Пскова. В одном из боев на Волховском фронте, служа в составе 501-го минометного полка, получил тяжелое ранение. После лечения был демобилизован из армии по состоянию здоровья.

В послевоенные годы, несмотря на инвалидность II группы, продолжил трудовую деятельность, работая водителем. Являлся ветераном труда, был награжден орденами и медалями, полученными как в военное, так и в мирное время.

На протяжении всей жизни и трудовой деятельности Григория Владимировича отличали верность и преданность Родине, высокая дисциплина и профессионализм, ответственность, доброта и скромность.

Выражаем искренние соболезнования родным и близким покойного.

Аппарат акима города Тараза, городской
маслихат, городской Совет ветеранов

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕДІ

«QazaqGaz Барлау және Өндіру» ЖШС «Айрақты кен орнындағы (Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Талас ауданы) №108, 2-Г, 4-Г және 8-Р ұңғымаларын игерудің қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы есепі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Географиялық координаттар (бойлық және ендік):

№2-Г ұңғымасы - 44° 9'42.27" N - 71°25'10.37"E
№8Р ұңғымасы - 44° 6'19.58" N - 71°25'2.00" E
№108 ұңғымасы - 44° 7'35.95" N - 71°24'12.74"E
№103 ұңғымасы - 44° 7'49.17" N - 71°24'58.68"E

Қоғамдық тыңдау өтетін жер:

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылдық округі, Ойық ауылы, Қоғамдық орталық ғимараты

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 2 ақпан, сағат 15:00.

Онлайн қосылымға белсенді сілтеме:

Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=973097721298>

Конференция идентификаторы:

973097721298

Жоба бастамашысы, жоспарланған іс-шара, жоба тапсырыс берушісі:

«QazaqGaz Барлау және Өндіру» ЖШС, БСН 050840002757, телефон: 8 (705) 137 6286 – С. Кужумов, s.kuzhumov@erpg.kz

Жоба әзірлеушісі: «GEOPROJECT» ЖШС, БСН 980740004456, телефон: 8 (705) 344 0020, электрондық пошта: geo@geoproject.kz, g.a.u@list.ru

Жобалық құжаттама пакеті бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> мекенжайында, сондай-ақ Жамбыл облысы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны басқару департаментінің <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru> веб-сайтында қолжетімді. Барлық пікірлер мен/немесе ұсыныстарды <https://hearings.ndbecology.gov.kz> мекенжайындағы бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Жамбыл облысы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны басқару департаментінің s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылдауға болады.

ПРОВОДЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz» объявляет о проведении общественных слушаний по проекту: «Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к «Обустройству скважин №108, 2г, 4г, 8р месторождения Айрақты (Таласский район Жамбылской области Республики Казахстан)».

Географические координаты (долгота и широта): Скважина № 2-Г - 44° 9'42.27"С.Ш. - 71°25'10.37"В.Д.

Скважина № 8Р - 44° 6'19.58"С.Ш. - 71°25'2.00"В.Д.

Скважина № 108 - 44° 7'35.95"С.Ш. - 71°24'12.74"В.Д.

Скважина № 103 - 44° 7'49.17"С.Ш. - 71°24'58.68"В.Д.

Место проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Таласский район, Ойыкский с.о., с.Ойык, здание Дома культуры

Дата и время проведения: 02 февраля 2026 года в 15:00 часов.

Активная ссылка на онлайн-подключение: Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=973097721298>

Идентификатор конференции:973097721298

Инициатор намечаемый деятельности Заказчик

проекта: ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz», БИН 050840002757, телефон +7705 137 6286 - Кужумов С., s.kuzhumov@erpg.kz

Разработчик проекта: ТОО «GEOPROJECT», БИН 980740004456, телефон 87053440020 e-mail: geo@geoproject.kz, g.a.u@list.ru.

На едином экологическом портале с пакетом проектной документации можно познакомиться <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex>, а также на сайте: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru>

Все замечания и (или) предложения принимаются на едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, а также по электронному адресу МИО: s.agabek@zhambyl.gov.kz

А

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

ИП «Бахытжан» атына берілген жүктерді тасымалдауға арналған Ресей үшінші елдерде(ден) №0802683 шетелдік рұқсат бланкілерінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

ИП «Trans Elite Service» атына берілген жүктерді тасымалдауға арналған Чехия әмбебап №А171461 және Латвия әмбебап №КЕ525789 шетелдік рұқсат бланкілерінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

А

ОРТАЛЫҚ ТЫНЫСЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМНІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай №4 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығында «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» тақырыбында қызмет алушыларға арналған тағылымды тәрбие сағаты өткізілді.

Шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, Тәуелсіз еліміздің тарихы мен жетістіктерін насихаттау.

Тәрбие сағаты барысында Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы маңызды кезеңдері айтылып, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, ел бірлігі мен белгітшіліктің маңызы туралы кенінен түсіндірілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай танымдық әңгімелер жүргізіліп, өлеңдер оқылып,

сұрақ-жауап ұйымдастырылды.

Шара тәрбиеленушілердің қызығушылығын арттырып, елге деген мақтаныш сезімін нығайта түсті. Тәрбие сағаты мазмұнды да тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.

Индира КАРТАБАЕВА,
№4 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну
орталығының тәрбиешісі

А

ЖӘРМҰҢ

ҚАЖЕТТІ ӨНІМДЕР ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАДА САУДАЛАНДЫ

Халықты сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Тараз қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкелері тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Осындай игі бастамалардың бірі Тараздағы «Әлеуметтік базар» алаңында өз жалғасын тапты.

Аталған іс-шара өнімдер мен азық-түліктің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды. Бұл жәрмеңке тұрғындардың күнделікті тұтынатын тауарларды тиімді бағада сатып алуына мүмкіндік береді.

Жәрмеңкеде ет, сүт, балық, кондитер өнімдерімен қатар, маусымдық жеміс-жидек пен көкөністер кең көлемде сатылымға шығарылды. Ұсынылған өнімдердің барлығы жергілікті шаруа қожалықтары мен өндірушілерден тікелей жеткізілген. Сондай-ақ жәрмеңкеде қажетті тауарлар нарық құнынан 10–20 пайызға төмен бағада өткерілді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайына оң әсер етіп, отбасылық бюджетті үнемдеуге сеп болуда.

«JT» - ақпарат



ӨТІП, ДҮНИЕ...

БАҚ ПЕН ҚЫДЫР БАЯНЫ

«Баяғыда Бақ пен Қыдыр сапарға үнемі бірге шығады екен. Өйткені Бақтың қабақ еті салбырап, жанарын жауып қалғандықтан ештеңені көре алмайтын болған. Сондықтан Қыдыр оны жетелеп жүретін бопты. Ал Бақ бірдеңеге көңілі түссе, Қыдырға «қабағымды көтерші, ана адамның кім екенін білейін» дейтін көрінеді.



Бір күні екеуінің алдынан атан түйені шыбын құрлы көрмей мойнына салып алған бір дәу жолығады. Көзіне түскісі келіп жүрген бейбақты жүрегімен сезген Бақ «мынау кім, көзімді ашшы, көрейін» дейді.

Қыдыр Бақтың қабағын көтеріп, көзін ашқан кезде жанары әлгі мақтаншақ қара күштің иесіне емес, оның аржағындағы бұлақ басында су алып жатқан қаршадай қызға түседі. Ол – Домалақ анамыз екен-мыс...

Асанәлі ағамыз бұл аңызды кімнен естігенін өзі білер, әйтеуір інісі Маралтайға айтып беріпті. Ал ол Асекең айтқан аңызға таңғала отырып, маған жеткізді.

Құдайдың құдіреті, енді міне, сол аңызды мен Асекеңнің өзіне арнап айтқалы отырмын. Бұл да тура Бақ пен Қыдырдың аңыз саяқты, айналып келіп Асекеңнің өзін тапты...

Асекеңмен «Ассалаумағалейкүм» деп қос қолдап амандасып, дастарқандас болудың да сәті түсті бертінде. Мұның мәнісі былай...

Тоқсаныншы жылдардың орта тұсына Жамбыл облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып қызмет істейтін Өлібек Өмзеев марқұм болған әкесіне ас беріп, соған Асанәлі ағаны да шақырды. Тәуелсіздік алдық деп бөркімізді аспанға атқанмен, тоқсаныншы жылдардың ортасына дейін ел тұрмысы түзелеп, жұрт реңі онша оңала қоймаған кез. Асекең сол қиындықтарға қарамастан Алматыдан ат сабылтып келді. Құдай қосқан қосағынан айырылып, сол туралы жан тебірентер сағынышқа толы кітабы да жанадан жарыққа шығып жатқан түс еді, дастарқан басында осы өңірдегі бір-екі кішігірім бастық пен бір-екі кішігірім жазушыға қол қойып, сол дүниесін сыйлады.

Мен ондай бақыттан қастарында көзім бақырайып отырсам да қалыс қалдым. Аналар да «Оу, ағайын, «Егемен Қазақстанның» тілшісі қалып қойды ғой!» демеді. Сұрамсақтанбайтын сақы мінезіме басып, өздігімнен мен де тілемсектенбедім. Ішімнен «Менің олардан кем емес екенімді Асекең білмеген шығар, әйтпесе бір кітабын аяды дейсің бе?» деп қоям.

Бірақ «Азамат ердің баласы аз ұйықтар да көп жортар» дегендей, жасөспірім кезімнен өнерін сыйлап өскен аз ағаның аузынан шыққан әр сөзді құлағымнан қағыс жібермеуге тырыстым. Кейде тұтас бір кітаптың беретінін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізуге болады. Соны күттім. Әңгімеден әңгіме туып, Асекең өзі түсірген және бел баласы Сағи екеуі қатар ойнаған «Шоқан Уәлиханов» фильмі туралы сыр шертті. Асекең атақты актер болса да «Шоқан Уәлиханов» оның режиссер ретіндегі «тырнақалды» дүниесі еді. Өке мен ұл, яғни Шыңғыс пен Шоқан арасындағы драмалық қайшылықты жеткізуден асқан қиын тірлік жоқ. Оның үстіне әке Шыңғыс – Асанәлі аға да, ұлы Шоқан – Асанәлі ағаның баласы Сағи. Шыңғыстың ат үстінде отырып, ұлына қарай желе жортып келе жатқандағы ойлы жүзі көп нәрседен, яғни «Ұлым, сен бұрын кім едің, енді кім болдың, еліңнің қамын жейтін азамат болдың ба, жоқ па?» деген сияқты сан алуан сұрақтарды сөйлемей-ақ сездіреді. Міне, әңгіме осы тұсқа ойысқанда Асекең асықпай ойланып, іргеден алыс жаққа (киіз үйде отырғанбыз) бір қарап алып:

— Мен Сағига айтар ойымды, негізінен көзбен жеткізуге тырыс дейтінмін. Өзіндей ана орыстың баласына қарашы (фильмдегі Ф. Достоевскийдің ролін ойнаған актерді айтты), «үндемей-ақ сөйлейді» деп ұлт қылатынмын, — деген еді сонда.

Негізі, мықты адамдар өзінен мықтыны мойындаудан өспесе, өшпейді. Асекең де біреу бақып, біреу байқамаған әлгі орыс актерінің көзіндегі шаш ағартар қайғы-мұңды қапысыз аңдап, оны жас та болса ғажайып өнер құдіретімен шынайы бере білген актерға керемет сүйсінігенін айтып еді сонда. Бұл әңгімені дастарқан

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АБЫЗЫ ЕДІ

Ұлт руханиятының абызы атанған Асанәлі Өшімовтің дүниеден озуына байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл айту жазбаларын жолдады.

«Асанәлі Өшімов бүкіл саналы ғұмырын театр және кино саласына арнап, төл мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ол көптеген образды шебер сомдап, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сахна сандағы әрі кәсіби киногер ретінде соңында өшпес із қалдырды. Жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, рухани сабақтастықтың сақталуына зор еңбек сіңірді. Өрелі өнердің туын биік ұстап, өнегелі ғұмыр кешкен Асанәлі Өшімовтің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде сақталады», — деп жазылған жеделхатта.

Сонымен қатар Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев те қайраткердің қазасын терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

«Аңызға айналған ағамыз тек жамбылдықтардың ғана емес, тұтас еліміздің мақтанышы, руханиятымыздың абызы еді.

Асанәлі Өшімұлы – өнерді өмірінің мәніне айналдырған, әр ролі арқылы халықтың жан дүниесіне терең үніле білген шынайы шебер болды. Оның сомдаған бейнелері ұлт жадында мәңгі сақталып, көрермен жүрегінде өшпес із қалдырды. Ол қазақ руханиятының биік болмысын танытқан символ, өнерге адалдықтың өлшемі болды.

басында Асекеңнен кітап алу құрметіне ие болған даракылау тобыр көкпар көріп, бәйге тамашалауға шығар-шықпастан-ақ ұмыттып кеткеніне кепілмін. Бірақ мен әлі күнге дейін ұмыта алмай жүрмін. Бәлкім, мен Асекеңнен күткен бір кітаптың берер бар ғибратын жеткізген осы жалғыз ауыз сөз шығар.

Асекеңнің бір жақсы қасиеті – туған жеріне ат басын жиі-жиі бұрып тұратынында. Оған халқы куә. Тараз қаласының орталығындағы Төле би даңғылымен Азида алауын жүгіре басып алып өтті ме, өтті. Жас спортшыларға жетпістегі аталық ақылын айтып, ақ батасын берді ме, берді. Сарысу ауданындағы Ысты-Тілік бабаға ескерткіш кешпен ашылғанда Кеңес Аухадиев екеуі Алматыдан арнайы келіп, елмен емен-жарқын шүйіркелесті ме, шүйіркелесті. Дәулескер қобызшы Ықылас Дүкенұлына Тараз қаласынан ескерткіш ашылғанда текті тұлғаға тән мінезімен төбе көрсетіп, қуаныш бөлісті ме, бөлісті. Өзі туып-өскен Сарысу ауданындағы Жайылма ауылынан Алланың үйін салдырып, мешіт мұнарасынан естілген алғашқы азанды өз құлағымен тыңдап, алғашқы оқылған намазға қатысты ма, қатысты. Хазіретілі Лұқпан хакім «Уай, пендем! Мына екі нәрсені ұмыт: біреуге жасаған жақсылығыңды және біреудің саған жасаған жамандығын!» депті. Санай берсек, Асекеңнің қазақ халқына жасаған жақсылығы көп.

Сөзімді қорытындылап, тобықтай түйінін айту үшін Бақ пен Қыдыр туралы аңыздың ғибратына қайта оралсам деймін.

Асекең Бақтың көзі түскен. Бәлкім, сол кезде бала Асанәліден, бозбала Асанәліден, кемеліне келген актер Асанәліден бұрын Бақтың көзіне түскісі кеп, тыраштанғандар да болған шығар. Бірақ Қыдыр қабағын көтерген Бақтың көзі басқа емес, Асанәліге түсіпті.

Ол Бақ кім? Ол, әрине, Өнер! Ал өнер қайдан шығады? Ол өнер елден шығады. Сол халықтың ішіндегі Асанәлінің өнерін тұма кезінде таныған бір халық ұлы бар. Ол – режиссер-профессор Асқар Топканов!

Асқар аға Топкановтың ерекше қасиетінің бірі – адам танығыштығы екен. Ол ауыл шаруашылығы институтында оқып жүрген Асанәліні көріп: «Қазақстанда бір жақсы агроном кем болса, одан елдің ештенсеі кетпес, ал бір мықты актертыңан айырмаса, онда еліміздің өнері мен мәдениеті үлкен байлығын жоғалтқаны», — депті. Сөз-ақ қой, шіркін!

Одан кейін қазақ халқының бағына туган режиссерлар Сұлтан Қожықов, Шәкен Айманов... бұл кереметтер тізімін жалғастыра берсек, әңгімеміз бірталай жерге барары сөзсіз.

Сосын «Қыз Жібектің» түсірілуіне қамқор болып, ал «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі» фильмдерінің идеясын айтып, нақты тапсырма берген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ше?!.

Осының бәрі Асекеңе көзі түскен Бақ емей, немене енді!?...

Алла тағала құлдарына Бақты беріп те, алып та сынайды. Сол Аса қамқор, ерекше мейірімді Алла тағала Асанәлі Өшімов деген құлына Бақты берудейін берді, алудайын алды. Анасының, жарының, ұлдарының әзіз жанын Алла тағалаға бірінен кейін бірін тапсыру – жауыңа да тілемейтін қасірет. Бірақ Асекең ағамыздың сексеуілдей сірі жаны бұл сынаққа шыдады.

Тіл-көзіміз тасқа, Бақтың көзі Асекеңе қайта түсті. Бағдаттай жар тапты. Жары балпанактай бала тапты. «Өшкені жанды, өлгені тірілді». Сол Бақ пен Қыдырдың батасының арқасына сексеннің тоғызына кеп, өмірден өтті.

Енді бақи дүниесі баянды болсын!


Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ,
жазушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері

«Jambyl-Taraz» газеті редакциясының ұжымы

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 115 ЖЫЛ

АҚЫН МЕН БАТЫРДЫҢ ДОСТЫҒЫ

Бауыржан Момышұлы балалық шағында Шымкенттегі Ахмет Байтұрсынов атындағы (қазіргі Сыпатаев) мектепте оқып, оны 1928 жылы бірге бітірген сыныптас досы Әбділдә Тәжібаев туралы естеліктерінде, кейбір жазбаларында жиі еске алады. Оның ақындық шығармашылығы туралы, кейін ақындық қуаты туралы да өз ой пікірін айтып, жазып отыратыны бар.




Әсіресе, Баукең туған жер, өскен елден жырақ жүрген шақтарда ақын досы Әбділдә Тәжібаевпен жиі хат алмасып отырған. Ол хаттарында Қазақстандағы ақын-жазушылардың шығармашылық еңбектері, олардың әдеби жетістіктері, басқа да жаңалықтар туралы Әбділдә Тәжібаевтың хаттары арқылы біліп, танысып, қадағалап отырады. Өзінің болашақтағы жоспарларымен де пікір алмасып, бөлісіп отырғанын аңғаруға болады. Бір қызығы, Ә.Тәжібаев Қ.Жармағамбетов екеуі 1951 жылы Бауыржан Момышұлының автобиографиялық әңгімесінің 307 беттік қолжазбасын материал есебінде пайдаланып, бір хикаят жазу үшін рұқсатын сұраған екен. Бірақ Баукең қолжазбасын пайдалануға қарсы болған. Бір жазбасында Баукең досы Әбділдә Тәжібаевқа 16-18 беттік орыс тілінде жазған «Приговор» атты қолжазбасын да бергенін тілге тиек етеді.

Құрметті оқырман, ақын Әбділдә Тәжібаевтың сыныптас әрі әріптес жазушы досы Бауыржан Момышұлы туралы 1979 жылы теледидардан сөйлеген жанды дауысын компьютерден теріп, Баукеңнің туған күніне орай назарларыңызға ұсынып отырмыз. Бұл сұхбатты «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Нұржан Баймаханбеттің парақшасынан алғанымызды ерекше айтып өткеніміз жөн.

«Біз Бауыржан Момышұлымен қаршадайымыздан танысыптық. Ол 1941 жылы майданда жатып, соғыс басталған жылы қайта-қайта хат жазып, мені майданға шақырып жатты. Мен ғана емес, жалпы

жазушылардың бәрін майданға шақырып жатты. Хатты маған арнап жазатын себебі – ол кезде мен Жазушылар одағы президиумының бастығы едім. Мұқана арнап өзіне хат жазып, Сөбеңе арнап өзіне хат жазып, маған да жазып, ақырында мен 1942 жылдың көктемінде Панфилов атындағы 8-ші гвардия дивизиясына Холмның түбінде тұрғанда барып қайттым. Барып қайтып, он бес күндей сонының штабында болдым. Ол кезде жауын, жер лайсаң кез. Майданның шамалы тоқтасып тұрған кезі еді. Көп әңгіме айттық. Көп сыр шертістік. Сөйтіп мен фронттан елге қайтып келіп, Бауыржанды көргенімді, Бауыржанмен болған әңгімелерді жазушылар одағында сөйлеп бердім. Жолдастарға айтып бердім. Ең ақыр аяғында, майдан бітті. Атақты полковник Бауыржан елге қайтты. Содан



кейін баяғы «жазушы болсам» деген іздеген арманын орындады. Бауыржанның жазған кітаптарын, шығарған бірнеше томын жақсы білесіздер. Оны түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Сөйтіп жүріп Бауыржан да қартайды. Мына мен де қартайдым. Менен бір-ақ жас кіші болатын. Ақырында ол үйінде отырып күжілдеп өткенді ойлап «шіркін жастық шақ-ай» деуші еді. Ауылын еске алушы еді. Ауылын еске алғанда: «Алатаудың салқын лебі маңдайға тиіп, салқын бұлағы таңдайға тиіп, жастық шақта шұрқыратып жүруші еке-ау», – деп күліп сөйлеп те қоюшы еді.

– Сен маған фронта барғанда «Бауыржан – керемет жауынгер» деп өлең жазып едің. Енді қартайған кезімде маған неге өлең жазбайсың? – деді бір күні.

– Сенің оның жөн екен, – дедім. Мен сенің қартайған тұсындағы қазіргі суретіне де арнап өлең жазайын. Ол бұрынғыдан да қызықтылау болу керек, – дедім. Егер рұқсат етсеңіздер, сол өлеңді қазір оқып берейін.

*Бүркімтей тұғырда отыр сілкінбеген,
Шал бопты көкерегі күркілдеген.
Айдыңдай ақ маңдайын әжім торлап,
Көзінің алды да аздап күлкілдеген.*

*Тарылып күйкі тартқан кең кеудесі,
Секілді тозған тұлға көлеңкесі.
Ойласа от күндерді алады өкіп,
Қазақтың ай мүйізді ақ серкесі...»* – деп айттыты ақын өз сұхбат естелігінде.

Әбділдә Тәжібаевтың қысқа ғана айтқан естелік әңгімесінен Баукеңнің өмірі мен шығармашылығына, жалпы даңқты жерлесімізге қатысты қызықты деректер айтылғанын аңғару қиын емес. Мұндай деректер бауыржантанушылар үшін құнды материал болмақ.

Әлімбай НАЙЗАБАЕВ,
бауыржантанушы

ҚҰТТЫҚТАУ

Бауырларына тілекші болып, жақынына жанашырлық таныта білген асыл әпкенің орны әрдайым айрықша, қашанда қымбат. Осындай ардақты жандардың бірі – қадірлі Жидегүл Садуақасқызы әпкеміз биыл 70 жастың тұғырына қонды.

Бауырларына тілекші, жақынына жанашыр асыл әпкем

Ардақты ана, асыл жар атанған әпке, сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жетпіс жас – өмірдің алтын белесі, ақыл мен парасаттың, көрген мен түйеннің кемеліне келген шағы. Сіздің мейірімге толы жүрегіңіз, сабырлы мінезіңіз, айналаңызға шашқан шуақты жылуыңыз баршаға үлгі, жақындарыңызға тірек болып келеді.

Сіздің 70 жас мерейтойыңызға орай қос құлыныңыз – Хамит пен Ғабит Құлан ауылынан «Ханшатыр» атты еңселі мейрамхананың тұсауын кесіп, жұрт игілігіне беріп жатыр. Бұл да сіздің ұлдарыңызға үйреткен еңбексүйгіштік қасиетіңіздің жемісі.

Осы мағыналы жасыңызда зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, бала-шағаңыздың қызығын көру және немере-шөберелеріңіздің шат күлкісін тамашалау нәсіп етсін. Әр күніңіз қуаныш пен берекеге толып, елдің ықыласы мен құрметі әрдайым өзіңізбен бірге болсын. Жүз жасыңызға жетіп, немереден, шөбере сүйіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

*Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты болып, шаққып өмір сүріңіз.
70 жастың асуына келдіңіз,
Ғасыр тоғыз шаршамастан жетіңіз.*

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖАРҒЫРА, ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ!

Шаһарда бас шыршаның шамдары жағылды

Салтанатты шараға Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков арнайы қатысып, Бразилияның Рио-де Жанейро қаласында өткен Дүниежүзілік гимназида ойындарында бокстан алтын медаль иегері атанған, мектеп оқушылары мен студенттер арасындағы әлем чемпионы, Қазақстан Республикасының құрама командасының капитаны, Н.Данаев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Арсен Жолдығұлмен бірге бас шыршаның шамдарын жақты.

Сонымен қатар осы күні ашық аспан астындағы жаңа мұз айдыны пайдалануға берілді. Кәсіпкер Артықбай Дүйсебаевтың демеушілігімен «Climate Control» компаниясы жүзеге асырған инвестициялық жобада конькилерді жалға алу аймағы, арнайы инструкторлар, балаларға арналған қауіпсіз алаң қарастырылған.



Құттықтаушылар: сіңлісі Бақытқұл, Мылтықбайұлы Рахметұлла және күйеу балалары: Айман-Аділхан, Айжан-Қуанышбек, Әсем-Қуаныш, Айну-Иса, Ұлбала-Жанатқали



Шара соңы мәнерлеп сырғанаушылар мен хоккей ойыншыларының қысқа қойылымы және жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Аман ЕСЕН

ОҚУ ОРДАСЫНДА

Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген екен Платон. Еліміздің ертеңі саналатын ұл-қыздарын салт-дәстүрлермен сусындатып, туған елін, жерін адал сүюді және көзінің қарашығындай сақтап, қорғауды әрбір азаматтың аяулы борышы деп түсіндірген даналарымыз.

Бүгінде осынау үрдістің арқауын үзбей, тәрбиелік мазмұндағы келелі жиындар жиі ұйымдастырылууда. Соның бірі – Тараз төрінде «Qazaqstan dauit» газетінің, республикалық «Мөлдір бұлақ» балалар журналының бас директоры, «Ел Ана» қоғамдық-танымдық, әлеуметтік-ақпараттық сайтының директоры, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Сәуле Мешітбайқызының қатысуымен «Рухани тәрбие – құндылық мәні» атты жиын өтті.

Елдің анасы атанып, еңбек жолын ұстаздық қызметтен бастаған ол өз сөзінде рухани тәрбиенің қоғамдағы маңызына, балалар мен жастардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруде бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне кеңінен тоқталды. Сондай-ақ жасөспірімдерді адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу – құқықбұзушылықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі екенін атап өтті.

– Өздеріңіз білесіздер, бүгінгі қоғамда ақпараттық технология атты алып күш бар. Ол бір жағынан адамзаттың игілігіне қызмет

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



етсе, екінші жағынан көзге көрінбейтін қауіпке айналып бара жатқаны жасырын емес. Азынан қара кешке дейін телефонға телмірген жастардың тағдыры мені қатты алаңдатады. Бұл – тек көзге келген зиян емес, бұл – жан дүниеге түскен сызат. Мейірім мен шуақтан жүрдай, тәрбиелік мәні көмескі контенттер жас сананы ұлап, болашаққа балта шауып отыр.

Мен – ең әуелі бала тәрбиелеген анамын, немере сүйген әжемін. Қоғамдық қызметтерімді тізбелеп айтудан аулақпын. Дегенмен халықаралық басылымның тізгінін ұстап отырғанымды да жасырмаймын. Бірақ мен үшін ең қастерлі атақ – ұрпақ тәрбиелеген ұстаз деген мәртебе. Өздеріңіз секілді мені де елдің ертеңі, баланың болашағы бейжай қалдырмайды. Соңғы уақытта Қазақстанның барлық өңірін аралап жүрмін. Әр сапарым – бір кездесу, әр кездесу – бір ой, бір алаң. Бүгін осында келуімнің де себебі сол, жас ұрпақтың



жай-күйі жанымды мазалайды. Балаларға қатысты болып жатқан келенсіз жайттардың көпшілігі ата-ананың немісқұрайлылығынан туындап жатқанын ашық айтуымыз керек. Бұл – бір ғана отбасының емес, тұтас қоғамның дерті. Ендеше, ең алдымен, осы дерттің алдын алуымыз қажет. Ол үшін жауапкершілікті қайта жаңғыртуымыз керек. Әсіресе, ата-ананың бала алдындағы аманаты мен жауапкершілігін білдету – бүгінгі күннің ең өзекті міндеті, – делі С.Мешітбайқызы.

Келесі кезекте сөз алған қалалық білім бөлімінің басшысы Айгерім Алтынбаева қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер бойынша баяндама жасады.

– Қазіргі қоғамда өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – аса маңызды әрі өзекті мәселе. Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы, салт-дәстүрі, тілі мен ділі, мәдениеті мен дүниетанымы. Ұлттың

болашағы – тәрбиелі, саналы, отансүйгіш ұрпақтың қолында екені баршамызға мәлім.

Бүгінгі таңда мектептерде ата-аналар комитетінің бастамасымен және қолдауымен бірқатар мазмұнды жұмыстар жүзеге асырылууда. Атап айтқанда, ата-аналар мен балалар арасында күнделікті «Өнегелі 15 минут» тәрбиелік әңгімелері жүргізіліп, бала мінез-құлқы, әдеп, адамгершілік, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді құндылықтар түсіндірілуде. Ата-аналар комитетінің қолдауымен мектептерде «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Әже даналығы», «Ата өсиеті», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» клубтары жұмыс істеп, ұрпақтар сабақтастығы нығаюда. Бұл клубтарда ата-баба өнегесі, отбасылық тәрбие, ұлттық тәртіп пен жауапкершілік мәселелері кеңінен талқылануда, – деген Айгерім Аханқызы білім беру кеңістігінде нәтижелі тәрбие мен сапалы білім беру жұмысы тек бір тараптың



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС
Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Корректор:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН
Құрбанәлі ШАХАБАЙ

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ
Арайлым ШАБДЕНОВА
Анель ТОТАНБАЕВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ
Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

SMM БӨЛІМІ

Контент-редактор:

Жаннұр МУХАНОВА

Фото-видео монтажер:

Нұрлан БЕКТҰРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды.

Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:

Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»

e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

Жалпы тиражы: 11 809

Тапсырыс: 708

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы РКЗ87ВРУ00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ERNUR-MEDIA» ЖК-да

басылды.

Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 60 44

8 705 789 70 74